

Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ -32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 сәуірде № 22595 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтер бекітілсін.

2. "Қоршаған ортаның қауіпсіздігіне (топыраққа) қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 452 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11755 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2016 жылғы 16 шілдеде № 135 (28261) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Цой

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 21 сәуірдегі
№ ҚР ДСМ -32 бұйрығымен
бекітілген

Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтер

1-кесте. Топырақтағы химиялық заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы (бұдан әрі – РЕШШ)

р/с №	Заттардың атауы	Аяны (кларкты) ескере отырып топырақтың РЕШШ шамасы мк/кг	Лимиттеуші көрсеткіш
1	2	3	4
жылжымалы нысаны			
1	кобальт*(1)	5,0	жалпы санитариялық
2	фтор*(2)	2,8	транслокациялық
3	хром*(3)	6,0	жалпы санитариялық
суда еритін нысаны			
4	фтор	10,0	транслокациялық
5	бенз(а)пирен	0,02	жалпы санитариялық
6	ксилолдар (орто-, мета-, пара)	0,3	транслокациялық
7	күшән	2,0	транслокациялық
8	ОФУ*(4)	3000,0	су және жалпы санитариялық
9	сынап	2,1	транслокациялық
10	қорғасын	32,0	жалпы санитариялық
11	қорғасын+сынап	20,0+1,0	транслокациялық
12	элементарлық күкірт	160,0	жалпы санитариялық
	күкіртсутек	0,4	ауа
	күкірт қышқылы	160,0	жалпы санитариялық
13	стирол	0,1	ауа
14	формальдегид	7,0	-"
15	хлорлы калий	560,0	су

2-кесте. Топырақты санитариялық-химиялық және радиологиялық көрсеткіштер бойынша бағалау

Р/с №	Қауіптілік дәрежесі	Ластану дәрежесі	Химиялық заттардағы РЕШШ арту жиілігі	Радиоактивті заттармен ластану көрсеткіші
1	2	3	4	5
1	Қауіпсіз	Таза	<1	Табиғи деңгей
2	Қауіпті	Қатты ластанған	1-10	Табиғи деңгейден 1,5 есе асып түсу
3	Аса қауіпті		10-25	Табиғи деңгейден 2 есе асып түсу
4	Экологиялық зілзала		>25	Табиғи деңгейден 3 есе асып түсу

3-кесте. Топырақты микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштер бойынша бағалау

		микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштері	
--	--	--	--

р/с №	Қауіптілік дәрежесі	Ластану дәрежесі	Колититрі	Анаэробтар титрі (Сl. perfringers)	1 кг топырақтағы гельминттер жұмыртқаларының саны	0,25 м ² учаскедегі шыбындардың қуыршақтары мен дернәсілдерінің саны	Хлебников санитариялық саны	Термофилдер топырағын өзін-өзі тазарту көрсеткіші
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Қауіпсіз	Таза	>1,0	>0,1	0	0	0,98-1,0	0,01-0,0002
2	Салыстырмалы қауіпсіз	Аз ластанған	1,0-0,01	0,1-0,001	1-10	10-ға дейін	0,85-0,98	0,01-0,00002
3	Қауіпті	Орташа ластанған	0,01-0,001	0,001-0,0001	11-100	10-100	0,7-0,85	0,00002-0,00001
4	Аса қауіпті	Қатты ластанған	<0,001	<0,0001	>100	>100	<0,7	0,00001

4-кесте. Топырақтың физикалық деградация өлшемшарттары, химиялық және биологиялық ластану көрсеткіштері

р/с №	Көрсеткіштер (шоғырлануы мг/дм ³ -де)	Параметрлері		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		Экологиялық зілзала	Төтенше экологиялық жағдай	
1	2	3	4	5
Негізгі көрсеткіштер				
1	радиоактивті ластану, Ки/км ² :			
	цезий-137	40-тан астам	40-15	15-ке дейін
	стронций-90	3-тен астам	3-1	1-ге дейін
	плутоний (изотоптар жиынтығы)	0,1-ден астам	0,1-0,05	0,05-ке дейін
2	химиялық заттардың РЕШШ-сының асып түсуі:			
	қауіптіліктің 1-ші сыныбы, (бенз(а)пирен, диоксиндерді қоса алғанда)	3-тен артық	3-2	2-ге дейін
	қауіптіліктің 2-ші сыныбы	10-нан артық	10-5	5-ке дейін
	қауіптіліктің 3-ші сыныбы (мұнай және мұнай өнімдерін қоса алғанда)	25-тен артық	25-10	10-ға дейін